АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ

ХАТТАМАСЫ № 7

Күні: «15» мамыр 2025 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Тақырыбы: «Баланың мектепке психологиялық дайындығы»
Жауаптылар: педагог-психолог, Консультативтік пункт мамандары
Күн тәртібі:

1. Баланың мектепке психологиялық дайындығы.
2. Мектепке дайындық кезеңінде ата-ананың қолдауы.
3. Консультативтік пункттің жылдық жұмысын қорытындылау.

Тыңдалды:

Педагог-психолог ата-аналарға баланың мектепке психологиялық дайындығы туралы кеңес берді.

Мектепке дайындық тек баланың оқу, жазу немесе санау дағдыларымен шектелмейтіні, сонымен қатар баланың жаңа ортаға бейімделуі, ережені тыңдауы және орындауы, өз ойын жеткізуі, құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, тапсырманы соңына дейін орындауға тырысуы сияқты дағдылардың маңызы түсіндірілді.

Ата-аналарға баланы мектепке дайындау кезінде шамадан тыс талап қоймау, оқу әрекетін ойын арқылы ұйымдастыру, баланың өзіне деген сенімін қолдау және мектеп туралы жағымды көзқарас қалыптастыру ұсынылды.

Консультативтік пункт мамандары жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, ата-аналарға көрсетілген кеңестер мен ұйымдастырылған іс-шаралар туралы ақпарат берді.



Ата-аналарға ұсыныстар:
Баланың мектепке жағымды эмоционалдық дайындығын қалыптастыру.
Баланың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беру.
Күн тәртібін біртіндеп мектеп режиміне бейімдеу.
Баланың сұрақтарына жауап беріп, танымдық қызығушылығын қолдау.
Мектеп туралы жағымды пікір қалыптастыру.
Баланың жетістіктерін мадақтап, өзіне деген сенімін арттыру.
Қаулы:

- Баланың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру бойынша ата-аналарға кеңес беру жалғастырылсын.
- Ата-аналарға баланы мектепке дайындауда психологиялық қолдау көрсету ұсынылсын.
- Консультативтік пункттің жылдық жұмысы қорытындылансын.
- Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру барысында ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстары ескерілсін.

Жауапты: Меңгеруші: Н.Джубаниязова

Хатшы: Педагог-психолог: А.Сихова